

Жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған не жоғалтқан, жоғалтып алған жағдайда күдіктіні, айыпталушыны құжаттандыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 631 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қазанды № 9827 тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бүйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі Қылмыстық-процестік кодексінің 203-бабының 5-бөлігіне сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 14.02.2020 № 120 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған не жоғалтқан, жоғалтып алған жағдайда күдіктіні, айыпталушыны құжаттандыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаментінің, Тергеу департаментінің бастықтары тоқсан сайын күдіктілерді (айыпталушыларды) құжаттандыру барысы туралы мәліметтер жинақтасын.

3. Көші-қон полициясы департаменті (С.С. Сайынов):

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат көздерінде ресми жариялауды;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаментіне (С.С. Сайынов) жүктелсін.

5. Осы бүйрық 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Министр
полиция генерал-лейтенанты

К. Қасымов

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Бас прокуроры

_____ А. Дауылбаев

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Корғаныс министрі

_____ С. Ахметов

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік күзет қызметінің

бастығы

_____ А. Қүреңбеков

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері және

сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл агенттігінің төрағасы

_____ К. Қожамжаров

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік

комитетінің төрағасы

_____ Н. Әбіқаев

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2014 жылғы 23 қыркүйектегі

№ 631 бұйрығымен

бекітілді

Жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған не жоғалтқан, жоғалтып алған жағдайда күдіктіні, айыпталушыны құжаттандыру қағидалары

1. Осы Жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған не жоғалтқан, жоғалтып алған жағдайда күдіктіні, айыпталушыны құжаттандыру қағидалары (бұдан әрі –

Қағида) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 203-бабының 5-бөлігіне сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 14.02.2020 № 120 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

2. Қағида қылмыс жасаудағы құдіктілерді, айыпталушыларды жеке басты куәландыратын құжаттары болмаған не жоғалған жағдайда құжаттандыру тәртібін айқындайды.

3. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары қылмыс жасаудағы құдіктіге, айыпталушыға қатысты қамауға алу туралы мәселені шешу кезінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 300-бабынада көзделген жеке басын куәландыратын құжаттардың бірін алып қояды.

Алынған жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер ұстау, тінту немесе алу хаттамасына иесінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) жеке басын куәландыратын құжатының сериясы мен нөмірі, берілген күні мен берген орган көрсетіле отырып енгізіледі. Алынған құжаттар қылмыстық іске тігіледі, ал олардың көшірмелері құдіктінің, айыпталушының жеке ісіне тігу үшін жолданады.

Құдіктінің, айыпталушының жеке басын куәландыратын құжаттары қылмыстық іспен бірге (пакетте) сottылығы бойынша (тергеулік) жолданады.

4. Құзетпен ұстауды қоспағанда кодектің 137-бабында көзделген бұлтартпау шарасының бірі қолданылған құдіктілер, айыпталушылар – жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған, не жоғалтқан, жоғалтып алған жағдайда ішкі істер органдары Халықта қызмет көрсету орталықтарында жалпы тәртіpte құжаттандырады.

Құзетпен ұстауды қоспағанда кодектің 137-бабында көзделген бұлтартпау шарасының бірі қолданылған Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын құдіктілер, айыпталушылар – азаматтығы жоқ адамдар, шетелдіктер жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған, не жоғалтқан, жоғалтып алған жағдайда ішкі істер органдары жалпы тәртіpte құжаттандырады.

5. Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі алғаш рет: 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортын немесе оны жоғалуы себепті қалпына келтіру үшін, сонымен қатар алғаш рет жеке басын куәландыратын құжаттар алу үшін өтінімхат және түу туралы куәлігін ұсынған жағдайда 18-жастан асқан адамдарға олардың азаматтығын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13391 болып тіркелген "Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен), азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) ішкі істер органдарының қабылдау, ресімдеу және қару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрінің 2016 жылғы 28 қантардағы № 85 бұйрығына сәйкес), жеке басын анықтау, құжатты беруді растау және фотосуретінің сәйкестігін анықтау үшін тексеру материалын қалыптастыруды қылмыстық қудалау органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 14.02.2020 № 120 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Бұлтартпау шарасы - құзетпен ұстау қолданылған Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын құдіктілер, айыптаушылар - Қазақстан Республикасының азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдіктер жеке басын қуәландыратын құжаттары болмаған не жоғалтқан, жоғалтып алған жағдайда ішкі істер органдары қоғамнан уақытша оқшалауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелер тұрған жерде жалпы тәртіpte құжаттандырады.

Құдіктінің, айыпталушының жеке басын қуәландыратын құжаттары болмаған не жоғалтқан, жоғалтып алған жағдайда қылмыстық қудалау органдары құдіктіден, айыпталушыдан аумақтық ішкі істер органдарының басшысының атына жеке басын қуәландыратын құжатының болмауы себебін не оларды жоғалтқан, жоғалтып алған мән-жайларын көрсете отырып, жазбаша өтініш талап ету бойынша шаралар қабылдайды.

Құдіктінің, айыпталушының жазбаша өтініш беруден, сондай-ақ формулярға қол қоюдан бас тартуын қылмыстық қудалау және көші-қон қызметі органдары актілейді. Бас тартуды жазбаша растау құжаттар дайындау үшін негіз болып табылады.

Жеке басын растауға және жеке басын қуәландыратын жоғалған құжат туралы мәліметтерді беруге тексеруді қылмыстық қудалау органдары құқық қорғау және арнайы органдардың ақпаратпен алмасудың бірыңғай жүйесі не қылмыстық қудалау органдарының автоматтандырылған деректер базасы бойынша жүргізеді.

Өтініш не өтініш беруден бас тарту туралы қылмыстық қудалау органдарының құдіктіні, айыпталушыны құжаттандыру туралы өтінімхатымен, мемлекеттік баж салығын төлеу туралы түбіртекпен және екі фотосуретпен бірге жеке басты қуәландыратын құжат дайындау үшін тиісті көші-қон қызметі бөліністеріне жолданады

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 14.02.2020 № 120 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жеке басын қуәландыратын құжатын беру үшін формулярды тергеу изоляторында, уақытша ұстау изоляторында, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінде ұстау орны бойынша көші-қон қызметі бөліністерінің уәкілетті қызметкері толтырады.

Бұл ретте "тұрғылықты жері" деген жолында осы адамдар отырған қоғамнан уақытша оқшалауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелердің тұрған орны (облыс, қала, аудан, елді мекен, тергеу изоляторы, уақытша ұстау изоляторы) көрсетіледі.

Формуляр жеке басты қуәландыратын құжатты өзірлеу үшін толтырылған күннен келесі күні жолданады.

Күдіктілерге, айыпталушыларға құжаттарды өзірлеу мерзімі Қазақстан Республикасы ПМ "Ақпараттық-өндірістік орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік орталығында өндіріске келіп түскен күннен 1 жұмыс күнін құрайды.

Құжаттар, өзірленгеннен кейін қылмыстық қудалау органдарына беріледі, формулярлар, оларды ресімдеген ішкі істер органдарының картотекаларына орналастырылады.

Күдікті, айыпталуши адам қамаудан босатылған немесе күдіктіге, айыпталушыға қатысты қылмыстық қудалау тоқтаған жағдайда, құжат иесіне қол қоюмен қайтарылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 14.02.2020 № 120 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Шетелдік азаматты ұстаған немесе құзетпен ұстаған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы бұл туралы біруақытта Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетіне хабарлай отырып, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментіне ұсталған адамның жеке басын қуәландыратын құжаты бар немесе жоғын көрсете отырып, шүғыл түрде хабарлайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 14.02.2020 № 120 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Құжаттандыру бойынша шығыстар (фотосуретке түсіру, мемлекеттік баж салығын төлеу) күдіктінің, айыпталушиның есебінен жүргізіледі. Күдікті, айыпталуши мүлікті жағынан дәрменсіз болған жағдайда құжаттандыру бойынша шығыстарды олар отырған мемлекеттік мекеме не құзетпен ұсталмаған күдікті мен айыпталуши үшін - қылмыстық қудалау органдары тиісті бюджеттер есебінен жүзеге асырады. Мемлекеттік мекеменің әкімшілігі құжаттандыруды жүзеге асыратын ішкі істер органдарының уәкілетті қызметкеріне құжаттар өзірлеу үшін мемлекеттік баж төлеу туралы түбіртекті және фотосуреттерді ұсынады.

Айыпталуши адамдарды құжаттандыруға жұмсалған қаржыларды мемлекетке қайтаруды қылмыстық қудалау органдары қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында осы адамдарға талап-арыз беру арқылы қамтамасыз етеді.